

**Қазақстан Республикасында геодезияны және картографияны дамытудың 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1455 Қаулысы

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.11-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында геодезияны және картографияны дамытудың 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - **Бағдарлама**) **бекітілсін.**

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі Бағдарламаның іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жыл сайын 10 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1455 қаулысымен

бекітілген

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ГЕОДЕЗИЯНЫ ЖӘНЕ  
КАРТОГРАФИЯНЫ ДАМЫТУДЫҢ 2005-2008 ЖЫЛДАРҒА  
АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

АСТАНА-2004

**1. Бағдарлама паспорты**

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2008.02.07. N 117 Қаулысымен.

Атауы	Қазақстан Республикасында Геодезияны және картографияны дамытудың 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы
Өзірлеу үшін негіздеме	"Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.11.-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламаларының тізбесі
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
Бағдарламаның мақсаты	Халықаралық талаптарға жауап беретін және мемлекеттің өскелең қажеттерін қамтамасыз ететін, жоғары дәлдіктегі жерсеріктік геодезиялық желілер мен бәсекеге қабілетті қазіргі заманғы геодезиялық және картографиялық өнімдер жасауға бағытталған, қазіргі заманғы техника мен прогрессивтік технологияларды қолдана отырып геодезия мен картография саласын одан әрі дамыту.
Бағдарламаның міндеттері	Геодезиялық өндірісті жерсеріктік анықтаудың автономдық әдістеріне көшіру жөнінде аэроғарыштық түсірілімдер, ұйымдық-техникалық іс - шаралар жүргізу; азаматтық және әскери мақсаттағы навигациялық жүйелердің жұмыс істеуі үшін жоғары дәлдіктегі геодезиялық негіз жасау; өңірлерді дамыту міндеттерін ескере отырып әртүрлі масштабтағы мемлекеттік топографиялық карталарды цифрлық технология негізінде жаңарту; Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара

желісінің өтуін тексеруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теңіз кеңістігін делимитациялауды геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографикалық қамтамасыз е т у ;

геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің бірыңғай картографиялық негізді пайдалануына, сондай-ақ олардың геодезиялық және картографиялық материалдармен және деректермен, географиялық объектілердің атауларымен қамтамасыз етілуіне жағдай жасау; ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету; геодезия және картография саласын нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, техникалық, бағдарламалық және кадрлық

қамтамасыз ету.

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету 2005-2008 жылдардағы іс-шараларды іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражат көлемінде Бағдарлама әкімшісі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көздеген қаражат шегіндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржы шығыны барлығы 1327,9 млн. теңгені, соның ішінде жылдар бойынша: 2005 жылы - 214,4 млн. теңгені; 2006 жылы - 225,1 млн. теңгені, 2007 жылы - 236,4 млн. теңгені; 2008 жылы - 652,0 млн. теңгені құрайды. Бюджеттік қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның белгіленген іс-шараларын іске асыру: геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын а й қ ы н д а у ғ а ; республика экономикасының аэроғарыштық түсірілімдік, топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді

тұтынуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға;  
жоғары дәлдіктегі геодезиялық негіз жасауға;  
саланың материалдық базасын нығайтуға;  
республика аумағының 11%-ін аэроғарыштық  
түсірілімдер орындауға;  
топографиялық карталардың мемлекеттік  
масштабтық қатар карталарының парақтар  
номенклатурасы санына 11% жаңартуға мүмкіндік  
т у ғ ы з а д ы .

Іске асыру  
мерзімдері

2005-2008 жылдар

## 2. Кіріспе

**Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында Геодезияны және картографияны дамытудың 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 3.11.-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламаларының тізбесіне, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспарына сәйкес әзірленді.

Геостратегиялық және геосаяси жағдай, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету, мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, жер нарығының моделін қалыптастыру, мемлекеттік кадастрлар мен геоақпараттық жүйелерді одан әрі жетілдіру, ел өңірлерінің тектоникалық және сейсмикалық белсенділігі жергілікті жердің жай-күйі туралы жедел ақпарат алудың және оны картографиялық материалдарда бейнелеудің, сондай-ақ осындай материалдармен геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерін қамтамасыз етудің маңыздылығын айқындайды.

Картографиялық материалдардың мемлекеттік топонимикаға, сәйкестендірілуі, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындаған кезде мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету төтенше өзекті болып т а б ы л а д ы .

Осы жағдайда геодезия мен картографияны одан әрі дамытудың, саланың өндірістік қуатын жаңғыртудың қажеттігі пісіп-жетілді.

Бағдарлама өзара тығыз байланысты экономикалық, техникалық, ұйымдық және басқа іс-шараларды жетілдіру негізінде осы заманғы бәсекеге қабілетті геодезиялық және картографиялық өнімдер жасаудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

### 3. Геодезиялық және картографиялық саланың қазіргі жай-күйін талдау

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында елдің геодезиялық және картографиялық саласы тиісті дәрежеде дамымады. 2002 жылға дейін мемлекеттің геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру үшін заңнамалық базасының болмау фактісінің өзі ғана геодезия және картография саласында мемлекеттік саясат жасауда мақсаткерлік пен жүйеліліктің болмағандығын дәлелдейді.

Құрылған мемлекеттік геодезиялық желі бұрынғы Кеңес Одағының игілігі болды және негізінен қорғаныс пен жоспарлы экономика міндеттеріне жауап берді.

Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері өндірісте ресейлік әзірлемелердің әдістемелерін басшылыққа алды.

Осы уақыт ішінде топографиялық-геодезиялық өндіріс алты есеге дерлік құлдырап кетті. Топографиялық карталардың бүкіл масштабтық қатарларын жаңарту жөніндегі өндіріс жұмысы іс жүзінде тоқтады, аэрофото түсірілім жұмыстары жүзеге асырылмады.

Осымен бір мезгілде жеткіліксіз қаржыландырудың, моральдық жағынан ескірген приборлардың, жабдықтардың және технологиялардың фонында Қазақстан Республикасының геодезиялық және картографиялық өнімдерге деген қажеттілігі өсті.

Жыл сайынғы қаржыландыру көлемі 70,0 млн. теңге болып сақталған жағдайда карталарды жаңарту мерзімділігі 38 жылды құрайды, бұл олардың ірі масштабтағы жобалар үшін сұранысын тоқтатады, сондай-ақ отандық, сонымен бірге шетелдік инвесторлардың тарапынан елдің беделін өсіруге ықпалын тигізбейді.

Шет елдермен салыстырғанда, Қазақстандағы мемлекет тарапынан қаржыландырудың көлемі 1 шаршы км аумаққа шаққанда 0,15 еуроны құрайды, ресейде бұл сома 1,3 еуроға, Қытайда - 9,7 еуроға, АҚШ-та - 16,3 еуроға, Канадада - 3,8 еуроға жетеді.

Картографиялық-геодезиялық саладағы іс жағдайының салыстырмалы көрсеткіштері 2-кестеде беріліп отыр.

2-кесте

Көрсеткіштер	Қазақстан Республикасы	Ресей	Шығыс Еуропа елдері	Басқа дамыған елдер	Қытай
Ашық карталар	Бар	Жоқ	Құрылуда	Бар	Жоқ
				Бар, НАТО-ның барлық	

Әскери карталар	Бар	Бар	НАТО стандартымен өңделеді	елдері үшін бірдей	Бар
Техникамен және технологиямен жарактандыру	ЕО елдерімен салыстырғанда 20 жыл артта қалу	ЕО елдерімен салыстырғанда 15 жыл артта қалу	Жаңа технологиялардың жетістіктері ескеріле отырып, қайта жарактандыру жүріп жатыр	Дамудың қазіргі заманғы деңгейіне жауап береді	Дамудың қазіргі заманғы деңгейіне жауап береді
Мемлекеттік сектор	Бар	Бар	Бар	Бар	Бар
Рыноктың сипаттамасы	Қалыптасудың бастапқы сатысында	Қалыптасудың бастапқы сатысында	Қалыптасуда	Толық жұмыс істейтін рынок	Қалыптасуда
Ескірген карталар	80%	80%	20%	15%	30%
Координаттардың дәлдігіне режимдік талаптар	Қойылады	Қойылады	Жоқ	Жоқ	Қойылады
Контрафакталық өнім деңгейі	Жоғары	Жоғары	Орташа	Мардымсыз	Төмен

### **Күшті жақтары**

Негізгі бағдарлық мемлекеттік мекеме сақталған.

Геодезиялық және картографиялық қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік және техникалық саясат жүргізу, геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің жұмысын үйлестіру, мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, сондай-ақ арнайы және салалық мақсаттағы жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік геодезиялық қадағалауды, лицензиялауды және есепке алуды жүзеге асыру жөніндегі функциялар бір арнайы уәкілетті органда шоғырландырылған.

Геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы мемлекеттік басқару органдарының, заңды және жеке тұлғалардың арасындағы қатынасты реттейтін негіздеуші заңнамалық кесім - "Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оған сәйкес нормативтік құқықтық баға жетілдірілуде.

Геодинамикалық полигондарда жоғары дәлдіктегі геодезиялық өлшемдер орындалады. Географиялық объектілер атауларының жүйеленген қорын білдіретін Қазақстан Республикасы географиялық атауларының каталогы жасалуда.

Республикалық картографиялық фабриканың құрылысы басталды.

### **Әлсіз жақтары**

Қаржыландырудың жеткіліксіз деңгейі, қолданылатын технологиялардың осы заманғы талаптарға сәйкес келмеуі, моральдық және физикалық жағынан ескірген приборлар, технологиялық және полиграфиялық жабдықтар геодезиялық және картографиялық өнімдер мен қызметтер рыногының дамымағанын айқындайды.

Қазіргі кезде бүкіл масштабтық қатар бойынша жыл сайын топографиялық

карталардың 350-ден 400-ге дейінгі парақтары немесе олардың санының 10%-ы жаңартылады. Жергілікті жердегі, әсіресе экономикасы дамыған аумақтарда болып жатқан өзгерістердің, апатты құбылыстардың немесе белсенді геодинамиканың нәтижесінде соңғы бірнеше жылдар бойы топографиялық карталардың ескіруі ж а л ғ а с у д а .

Қазақстан Республикасының аумағын толық жабатын, масштабы 1:25000 - 1:1000000 осы заманғы топографиялық карталар дәрежесі 10-20 жыл бұрынғыны қамтиды. Сондықтан қазіргі кезде масштабтық қатардағы мемлекеттік топографиялық карталарды жасау және шығару проблемасы өткір қойылып отыр.

Топографиялық карталардың сипаттамасы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Масштаб	Карта парақтары номенклатурасының саны	Жабу алаңы, мың шаршы км.	Ескірген карталар көлемі, мың шаршы км.
1:25000	32386	2688038	2123550
1:50000	8218	2726075	2289903
1:100000	2166	2726075	1853731
1:200000	550	2726075	2071817
1:500000	79	2726075	2344424,5
1:1000000	25	2726075	2289903

Республиканың мемлекеттік шекарасының барлық периметрлері бойынша алапқа картографиялық материалдар жергілікті жердің және мемлекеттік топонимиканың нақты жай-күйіне сәйкес келмейді.

Жаңа геодинамикалық полигондар құру жөніндегі жұмыстар тоқтатылған, бұл республиканың батыс, орталық және шығыс бөліктерінде табиғи және техногендік сейсмикалық процестердің туындау мүмкіндігін зерделеуге ықпал етпейді.

Координаттардың 1942 жылғы мемлекеттік жүйесін пайдалану республика ғылымының, экономикасының және қорғанысының осы заманғы және перспективалық міндеттеріне жауап бермейді және оны одан әрі пайдалану координаттарды дербес анықтаудың жерсеріктік әдістерін қолдануға байланысты аса жаңа технологияларды топографиялық-геодезиялық өндірісте қолданудың тиімділігін төмендетеді.

Топографиялық-геодезиялық мақсаттар үшін негізінен 1974-1993 жылдарда орындалған республика аумағындағы аэрофото түсірілімдік жұмыстар экономиканың, қорғаныстың, жер реформасының міндеттерін, пайдалы қазбалардың жаңадан ашылған кен орындарын игеруді қамтамасыз етпейді.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер жоспарлық-картографиялық материалдармен қанағаттанарлықтай қамтамасыз етілмеген. Егер республиканың

солтүстік және шығыс өңірлері ішінара жаңартылса, елдің батыс және орталық бөлігінің едәуір бөлігі жаңартылуға мұқтаж, бұрынғы әскери полигон аумақтарында ауыл шаруашылығын картографиялау материалдары жоқ.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері**

Осы Бағдарламаның мақсаты халықаралық талаптарға жауап беретін және мемлекеттің өскелең қажеттерін қамтамасыз ететін, жоғары дәлдіктегі жерсеріктік геодезиялық желілер мен бәсекеге қабілетті қазіргі заманғы геодезиялық және картографиялық өнімдер жасауға бағытталған, қазіргі заманғы техника мен прогрессивтік технологияларды қолдана отырып геодезия мен картография саласын одан әрі дамыту, сондай-ақ геодезия мен картография саласындағы істің жағдайын тұрақтандыру, геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы тиімділікті бұдан былай да арттыру үшін оның әлеуетін өрістету болып табылады.

Мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай негізгі міндеттерді:

- аэроғарыштық түсірілімдер мен топографиялық-геодезиялық жұмыстар жүргізуді;
- геодезиялық өндірісті жерсеріктік анықтаудың дербес әдістеріне көшіру жөнінде аэроғарыштық түсірілімдер, ұйымдық-техникалық іс-шаралар жүргізу;
- азаматтық және әскери мақсаттағы навигациялық жүйелердің жұмыс істеуі үшін жоғары дәлдіктегі геодезиялық негіз жасау;
- өңірлерді дамыту міндеттерін ескере отырып әртүрлі масштабтағы мемлекеттік топографиялық карталарды цифрлық технологиялар негізінде жаңарту;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара желісінің өтуін тексеруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теңіз кеңістігін делимитациялауды геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографикалық қамтамасыз етуді;
- цифрлық технологиялар негізінде картографиялық өнімдер, соның ішінде ақпараттылығы жоғары карталар, геоақпараттық жүйелер, сондай-ақ географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын жасауды;
- геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік қадағалаудың жүзеге асырылуын, топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметтің лицензиялануы мен есепке алынуын қамтамасыз етуді;
- мемлекеттік құпия болып табылатын геодезиялық және картографиялық ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді;
- геодезия және картография саласын нормативтік құқықтық, ғылыми-әдістемелік, техникалық, бағдарламалық және кадрлық қамтамасыз етуді шешу қажет.

#### **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асырудың тетіктері**



Бағдарламаны іске асыру геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруді, топографиялық-геодезиялық жаңа картографиялық өндірісті халықаралық талаптарға сәйкес дамытуды көздейді.

Бағдарлама сондай-ақ халықаралық міндеттемелердің, соның ішінде шекараны делимитациялау мен демаркациялау міндеттемелерінің орындалуын көздейді.

Саланы мамандармен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету үшін геодезия және картография саласындағы кадрларын даярлау мен біліктілігін арттыру көзделеді.

## **1. Аэроғарыштық түсірілімдер және топографиялық-геодезиялық жұмыстар**

Экономиканың, ғылымның және қорғаныстың мүдделерін геодезиялық қамтамасыз етудің жоғары тиімді мемлекеттік жүйесін жасау үшін:

мемлекеттік топографиялық карталардың масштабтық қатарын жаңарту үшін аэроғарыштық түсірілімдер орындалады;

геодезиялық желілерді зерттеу, қалпына келтіру және қайта құру жөнінде жұмыстар орындалады;

базалық масштабтардың топографиялық карталарын мерзімдік жаңарту бойынша Қазақстан Республикасының аумағын аудандарға бөлу схемасы нақтыланады;

мемлекеттік топографиялық карталар, бірінші кезекте - базалық масштабтар, қазіргі заманғы технологиялар қолданыла отырып базалық масштабтардың топографиялық карталарын мерзімдік жаңартудың нақтыланған схемасына сәйкес жаңартылады;

жер қыртысының деформациялануын зерделеу үшін геодезиялық негіз жасалады, бұл жер сілкінісін және басқа қауіпті табиғи құбылыстарды болжау мүмкіндігін кеңейтеді;

картографиялау мақсаттары үшін ғарыштық кешен ресурстарын пайдалану жөніндегі мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл айқындалады;

мыналар бойынша:

жоғары дәлдіктегі геодезиялық жерсеріктік желілер салу; топографиялық-геодезиялық өндірісті жерсеріктік айқындаудың дербес әдістеріне және компьютерлік әрі цифрлық технологияларға көшіру;

координаттардың жоғары дәлдіктегі бірыңғай геодезиялық жүйесін жасау және орнатуды;

қалалардың ірі масштабты топографиялық жоспарларын жасау және жаңарту;

Қазақстан Республикасының нивелирлік желісін дамыту және жаңғырту;

Мемлекеттік гравиметриялық желіні дамыту;

бұрынғы әскери полигондардың аумағын ауыл шаруашылық картографиялауды

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

қазіргі заманғы технологиялық процестер мен техникалық құралдарды өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар дайындалды.

## **2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы желісінің өтуін тексеруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы теңіз кеңістігінің делимитациялануын геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық қамтамасыз ету**

Республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аумақтық тұтастығын қорғау мақсатында шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны ресімдеу процесін топографиялық-геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ж о с п а р л ы тү р д е жү р г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын шектес елдермен делимитациялау және демаркациялау мынадай жағдайларды анықтады.

Әкімшілік-аумақтық шекараны соңғы сипаттаған кезден бері 50 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақытта жергілікті жерлерде халықтың белсенді шаруашылық қызметіне байланысты, сондай-ақ табиғи құбылыстардың әсерінен едәуір өзгерістер б о л д ы .

Қазіргі кезде мемлекеттік шекараның өту желісі кеңес уақытында жасалған, масштабы 1:50000, 1:100000 карталардың парақтарына түсірілген, бұл жергілікті жердің қазіргі жай-күйін көрсетпейді және мемлекеттік топонимикаға сәйкес келмейді. Шекараны құқықтық ресімдеудің халықаралық ережелеріне сәйкес, карталар мен мемлекеттік шекараның өту желісінің сипаттамалары әрбір тараптың тілдерінде ж а с а л у ғ а т и і с .

Халықаралық міндеттемелерді, сондай-ақ ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету ма қ с а т ы н д а Б а ғ д а р л а м а д а :

мемлекеттік шекараның барлық периметрлері бойынша Қазақстан Республикасының шекара маңындағы белдеулерінде аэротүсірілімдер орындау және масштабы 1:25000-тен 1:200000-ге дейінгі топографиялық карталарды жаңарту және оларды шектес мемлекеттермен келісу;

топографиялық карталарды жаңартудың басты геодезиялық негізі болып табылатын шекара аймақтарындағы геодезиялық пункттерді зерттеу және қалпына келтіру;

мемлекеттік шекараның барлық периметрлері бойынша Қазақстан Республикасының шекара маңындағы белдеулерінде 100 километрге дейінгі белдеулерді картографиямен жабу шартымен топографиялық карталарды жаңарту көзделеді.

### **3. Картографиялық жұмыстар, географиялық атаулар және геоақпараттық жүйелер**

Әлемдік практикада жедел геодезиялық қамтамасыз етудің неғұрлым перспективалық бағыттарының бірі аэроғарыштық түсірілім, әртүрлі деңгейдегі және мақсаттағы геоақпараттық жүйе материалдары бойынша топографиялық карталар дайындау мен жаңартудың цифрлық технологияларын жасау болып табылады. Оларды енгізу дәстүрлі геодезиялық және картографиялық өлшемдердің көптеген түрлерін алып тастауға, едәуір қысқартуға және оңайлатуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы талаптарды іске асыру мақсатында Бағдарламамен: қазіргі заманғы технологиялық процестер мен техникалық құралдарды өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

бейнеленетін аумақтың қазіргі заманғы жай-күйіне және мемлекеттік топонимикаға жауап беретін картографиялық өнімдер шығару жөніндегі міндеттерді шешу;

цифрлық технологиялар негізінде мемлекеттік топографиялық, тақырыптық карталарды дайындау және шығару;

Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын электрондық көздерде жасау және жүргізу;

1:25000 және 1:50000 масштабтағы цифрлық топографиялық карталардың, сондай-ақ қалалардың жоспарларын жасау тұжырымдамасын және кезектілігін әзірлеу;

мемлекеттік мақсаттағы жұмыстарды орындау үшін цифрлық картографиялық өнімдерді бағдарламалық-ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай технологиясын әзірлеу;

геоақпараттық жүйе жасау үшін жергілікті атқарушы органдардың қажетін бірыңғай картографиялық негізбен қамтамасыз ету көзделген.

### **4. Мемлекеттік реттеу, қадағалау және лицензиялау**

Республиканың нарықтық экономикаға көшуі қалалардың және басқа елді мекендердің аумақтарында ірі ауқымдағы топографиялық және арнаулы кадастрлық түсірілімдер, жылжымайтын мүлік объектілерін есепке алу, құқықтарды және олармен мәмілелерді тіркеу, салық жинау үшін кадастрлық түсірілімдер жүргізуге арналған сұранысты ұлғайтты.

Осыған байланысты топографиялық және басқа арнаулы түсірілімдер материалдары, жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін және объектілердің көлемін тіркейтін, оларды орындаудағы техникалық кемшіліктер сот талқылауының нысанасы болатын құжаттар, заң тұрғысынан барған сайын маңызды сапаға ие бола түсуде.

Қазіргі кезде барлық қалалар мен елді мекендердің топографиялық карталары іс жүзінде жаңартылуға тиіс. Соңғы топографиялық түсірілімдер 1980 жылы орындалды

және бүгінгі күні жергілікті жердің шын мәніндегі жай-күйіне сәйкес келмейді. Бұдан басқа, қалаларда координаттардың бірнеше жүйесі пайдаланылады, олар бір-біріне дәл емес, теңдестірілмеген және өзара келісілмеген, бұл бірыңғай дәл координаттық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру жөніндегі қызметті қамтамасыз ету, геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыратын субъектілердің жұмысын бақылау мақсатында Бағдарлама аэротүсірілімдік, геодезиялық және картографиялық жұмыстарды есепке алуды және тіркеуді көздейді.

## **5. Құқықтық және нормативтік-техникалық кесімдерді жетілдіру**

Өнімнің жаңа түрлерін шығаратын жаңа технологияларға көшуге байланысты геодезиялық және картографиялық жұмыстардың дәстүрлі әдістерін көрсететін қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды қайта өңдеп, қазіргі заманғы технологияларға сай келетін жаңасын әзірлеу керек.

## **6. Халықаралық ынтымақтастық**

Б а ғ д а р л а м а м е н :

бұрын қол қойылғандарын іске асыру және жаңа халықаралық келісімдер жасасу;  
геодезиялық және картографиялық қызмет үшін тағылымдамадан өту және кадрлар даярлау жөнінде ұсыныстар дайындау;

Халықаралық геодезистер федерациясының, Халықаралық фотограмметрия және кашықтықтан зондтау қоғамының, Халықаралық картография қауымдастығының жұмыстарына қатысуға ұсыныстар дайындау;

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Көп жақты сауда-экономикалық бағдарламасының шеңберінде жер сілкінісін болжау мақсатында жер қыртысының қозғалысын зерделеу саласындағы ынтымақтастық;

Азия және Тынық мұхит өңірлері елдерінің ГИС-инфрақұрылым бойынша тұрақты комитетінің жұмысына қатысу;

БҰҰ-ның Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобының жұмысына қатысу көзделген.

## **7. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері**

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.

Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету 2005-2008 жылдардағы іс-шараларды іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражат көлемінде Бағдарлама әкімшісіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және соның шегіндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыруға байланысты қажетті қаржы шығыны барлығы 1327,9 млн. теңгені, соның ішінде жылдар бойынша: 2005 жылы - 214,4 млн. теңгені, 2006 жылы - 225,1 млн. теңгені, 2007 жылы - 236,4 млн. теңгені; 2008 жылы - 652,0 млн. теңгені құрайды.

2006-2008 жылдарға арналған шығыс көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

## **8. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

Бағдарламаны іске асыру геодезия және картография саласындағы жағдайды тұрақтандыруға және мемлекеттік билік органдарының, экономика, ғылым және қорғаныс салаларының қажеттерін қазіргі заманға сай және тиімді картографиялық-геодезиялық қамтамасыз етуге негіз қалайды.

Бағдарламаның іс-шараларын 2005-2008 жылдары іске асыру мынадай жағдайларды :

республика аумағында барлығы 11% аэроғарыштық түсірілімдер орындауды; мемлекеттік геодезиялық желілер пункттерінің жалпы санының 11%-ын зерттеуді және қайта жаңартуды;

масштабтық қатарлардың мемлекеттік топографиялық карталарының парақтары номенклатурасы санының 11%-ын жаңартуды, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының ірі масштабты жоспарларын жаңартуды;

жер қыртысының тектоникалық деформациялануын зерделеу үшін Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарында геодинамикалық полигондар құруды;

масштабтық қатардың мемлекеттік топографиялық карталары парақтарының номенклатура санының 10%-ын жасауды, шығаруға дайындауды және шығаруды, сондай-ақ цифрлауды;

республиканың барлық облыстарына Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын жасау жөнінде жұмыстарды аяқтауды;

шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекара периметрі бойынша топографиялық карталарды жаңартуды;

қазіргі заманғы техникалар мен прогрессивтік технологиялар қолдануды;

топографиялық-геодезиялық өндірісті жерсеріктік айқындаудың дербес әдістеріне  
к ө ш і р у д і ;

жоғары дәлдіктегі геодезиялық жерсеріктік желі жасауды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны ойдағыдай іске асыру мемлекеттің экономикасын, оның қорғанысын, ғылымын, білімін халықаралық талаптарға жауап беретін қазіргі заманғы геодезиялық және картографиялық өнімдермен қамтамасыз етуге, саланың өндірістік қуаттарын жаңғыртуға, прогрессивтік технологияларды енгізуге ықпал ететін болады.

**Қазақстан Республикасында Геодезияны және  
картографияны дамытудың 2005-2008 жылдарға  
арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі  
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

**Ескерту. Тақырыпқа және Жоспарға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2008.02.07. N 117 Қаулысымен.**

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржылан дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Аэроғарыштық түсірілім және топографиялық-геодезиялық жұмыстар</b>						
1.	Топография- лық карталардың мемлекеттік масштабтық қатарын жаңарту үшін аэроғарыш- тық түсірілім- дерді орындау	Қ а з а қ - с т а н Р е с п у б - л и к а с ы - н ы ң Ү к і м е - т і н е а қ п а р а т	ЖРА, ТЖМ, Б Ф М , Қорғаныс-мині	ж ы л с ай ы н қ а ң т а р	<u>405383</u> 2005 ж. - 69714 2006 ж. - 73199* 2007 ж. - 76859* 2008 ж. - 185611	Р е с п у б л и - к а л ы қ б ю д
2.	Жоғары дәлдіктегі геодезиялық жерсеріктік желілер салу жөнінде ұсыныстар дайындау	Қ а з а қ - с т а н Р е с п у б - л и к а с ы - н ы ң Ү к і м е - т і н е ұ с ы н ы с	ЖРА	2005 жылғы II-ІҮ тоқсан		
3.	Геодезиялық желілерді зерттеу, қалпына келтіру және қайта жаңарту	Қ а з а қ - с т а н Р е с п у б - л и к а с ы - н ы ң Ү к і м е - т і н е а қ п а р а т	ЖРА	ж ы л с ай ы н қ а ң т а р	<u>100168</u> 2005 ж. -24447 2006 ж. -25669* 2007 ж. -26952* 2008 ж. - 23100	Р е с п у б л и - к а л ы қ б ю д
	Топография- лық-геоде-					

4.	зиялық өндірісті жерсеріктік айқындаудың дербес әдістеріне және компьютерлік әрі цифрлық технологиялық өндірістік схемаларға көшіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы ІІ-ІҮ тоқсан		
5.	Координаттардың жоғары дәлдіктегі бірыңғай геодезиялық жүйесін жасау және орнату әрі оны қазіргі заманғы және перспективалық талаптар деңгейінде ұстау жөнінде ұсыныстар дайындау	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы ІІ-ІҮ тоқсан		
6.	Б а з а л ы қ масштабтар-дың топографиялық карталарын мерзімдік жаңарту бойынша Қазақстан Республика-сының аумағын аудандарға бөлу схемасын нақтылау	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ақпарат	ЖРА	ж ы л сайын қаңтар	Талап егілмейді	
7.	Топографиялық карталардың мемлекеттік масштабтық қатарын жаңарту	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ақпарат	Ж Р А , Қорғаныс-мині	ж ы л сайын қаңтар	<u>176875</u> 2005 ж. -29579 2006 ж. -31058* 2007 ж. -32611* 2008 ж. - 83627	Республикалық бюджет
8.	Қалалардың ірі масштабты топографиялық жоспарларын жасау және жаңарту жөнінде ұсыныстар дайындау	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы ІІ-ІҮ тоқсан		
9.	Қазақстан Республика-сының нивелирлік желісін дамыту және жаңғырту жөнінде ұсыныстар дайындау	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы ІІ-ІҮ тоқсан		

10.	Мемлекеттік іргелі гравиметриялық желіні дамыту жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы II-ІҮ тоқсан		
11.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара желісінің өтуін тексеруді, сондай-ақ теңіз кеңістігінің делимитациялануын геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық қамтамасыз етуі жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы II-ІҮ тоқсан		
12.	Геодинамикалық зерттеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЖРА	жыл сайын қаңтар	<u>203857</u> 2005 ж. -40515 2006 ж. -42541* 2007 ж. -44668* 2008 ж. -76133	Республика бюджет
13.	Бұрынғы полигондардың аумағын ауыл шаруашылық картографиялауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы II-ІҮ тоқсан		
14.	Ғарыштық кешен ресурстарын картографиялау мақсаттары үшін пайдалану	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЖРА	жыл сайын қаңтар	Талап етілмейді	-
<b>2.</b>	<b>Картографиялық</b>					



**жұмыстар, географиялық атаулар және геоақпараттық жүйе**

15.	Мынадай картографиялық жұмыстарды: мемлекеттік топографиялық, тақырыптық карталарды шығаруға дайындау, цифрлау, карталарды шығару	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ақпарат	Ж Р А , Қорғаныс-мині	ж ы л сайын қаңтар	<u>329449</u> 2005 ж. -22624 2006 ж. -23755* 2007 ж. -24943* 2008 ж. - 258127	Республика бюджет
16.	Қазіргі заманғы технологиялық процесстер мен техникалық құралдарды өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы ІІ-ІҮ тоқсан		
17.	Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын жасау және жүргізу	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ақпарат	ЖРА, БҒМ	ж ы л сайын қаңтар	<u>65738</u> 2005 ж. -17991 2006 ж. -18891* 2007 ж. -19835* 2008 ж. - 9021	Республика бюджет
18.	1:25000 және 1:50000 масштабтағы цифрлық топографиялық карталар, қалалардың цифрлық жоспарларын жасаудың тұжырымдамасын және кезектілігін әзірлеу	ЖРА бұйрығы	Ж Р А , Қорғаныс-мині	2007 ж. І Ү тоқсан	Талап етілмейді	-
19.	Цифрлық карталар негізінде өнімнің жаңа түрлерін жасау	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ақпарат	ЖРА	ж ы л сайын қаңтар	Талап етілмейді	-
20.	Бағдарлама-лық-ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай технологияларын жасау, цифрлық картографиялық өнімдер жасау және пайдалану	Қ а з а қ - стан Респуб-лика-сының Үкіметіне ақпарат	ЖРА	ж ы л сайын қаңтар	Талап етілмейді	-
	Топографиялық-геодезиялық және карто-				<u>46478</u> 2005 ж.	

21.	<p>графиялық жұмыстар өндірісі нәтижесінде пайда болған материалдар мен құжаттарды мемлекеттік есепке алу, сақтау, сақталуын қамтамасыз ету</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЖРА, Қорғаныс-мині	жыл сайын қаңтар	-9542 2006 ж. -10019* 2007 ж. -10519* 2008 ж. -16398	Республикалық бюджет
<b>3. Мемлекеттік реттеу, қадағалау және лицензиялау</b>						
22.	<p>Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеуді және бақылауды жетілдіру</p>	ЖРА бұйрығы	ЖРА	2005 ж. III тоқсан	Талап етілмейді	-
<b>4. Құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру</b>						
23.	<p>Геодезия және картография саласында құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттар, нұсқаулықтар әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы II-IV тоқсан		
<b>5. Халықаралық ынтымақтастық</b>						
24.	<p>Бұрын қол қойылғандарын іске асыру және жаңа халықаралық келісімдер жасасу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЖРА	жыл сайын қаңтар		
25.	<p>Тағылымдамалар өту және сала үшін кадрлар даярлау жөнінде ұсыныстар дайындау</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы II-IV тоқсан		
26.	<p>Халықаралық симпозиумдар, конференциялар, семинарлар жұмыстарына қатысуға ұсыныстар дайындау</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЖРА	2005 жылғы II-IV тоқсан		

27.	Жер сілкі- нісін болжау мақсатында жер қырты- сының қозғалысын зерделеу саласындағы ынтымақ- тастық	Қазақ- стан Респуб-лика- сының Үкіме- тіне ақпарат	ЖРА	жыл сайын қантар	Талап етілмейді	-
	Барлығы				1327948 2005 ж. -214412 2006 ж. -225132* 2007 ж. -236387* 2008 ж. - 652017	

Ескерту: \* - бюджеттік қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі